



УРБАНДАЛУ ПРОЦЕССИНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК МӘНІ

Қабылдаған: Абдикерова Г.О

УРБАНИЗАЦИЯ



- Урбандалу (Урбанизация) (лат. *urbs* - қала, *urbanus* - қалалық) – еңбек бөлінісінің қоғамдық және аумақтық тұрғыдан тарихи қалыптасуынан пайда болып, әлемнің әртүрлі елдері мен өңірлерінің өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес дамитын әлеуметтік-экономикалық, демографиялық, географиялық секілді көп жақты қырлары бар күрделі құбылыс. Көне латын тіліндегі мағынасы "қалалық" деген ұғымды білдіреді. Яғни, ең қысқаша айтар болсақ, урбанизация, бұл – қала тіршілігі мен тұрмысы және мәдениетінің үстемдікке ие болуы.





"Урбанизация" ұғымын
"урбанизациялану"
ұғымынан ажыратып қарау
керек. Біріншісі процесті
білдіреді, екіншісі - процесс
барысында қол жеткен
көрсеткіш деңгейі.
Урбанизацияның негізгі
көрсеткіші - елдегі қалалық
тұрғындардың үлес
салмағының арту қарқыны
("урбанизация қарқыны")





ХАЛЫҚТЫҢ ҚОНЫСТАНУЫНЫҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

- **Халықтың қоныстануының географиялық ерекшелігі** Қазақстан халқының саны аумағының үлкендігіне сай келмейді. Халықты біркелкі қоныстандыру және үлкен аймақты игеру мүмкін емес. Сонымен бірге халықтың қоныстануына табиғат жағдайы қолайлы жерлердің тек 1 / 3 бөлігі ғана жарайды. Сондықтан да мемлекетті модернизациялау бағдарламасында негізгі рөлді халықты аумақтық ұйымдастыруға баса назар аударады. Оның дұрыс орындалуы халықтың еңбек әлеуетін тиімді пайдалануға мүмкіншілік береді. Халықты аумақтық ұйымдастыруға орналасу және қоныстану жатады.



Халықты орналастыру


халықты мемлекет,
облыс көлемінде,
аймақ бойынша
орналастыру.

Халықтың қоныстануы

халықты елді
мекендер бойынша
орналастыру.



**ҚАЛАЛАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫН ЖӘНЕ
ДАМУЫН УРБАНДАЛУ ДЕП АТАЙМЫЗ (ЛАТ. *URBANUS* -
ҚАЛАЛЫҚ).**



Урбандалу көрсеткіші

- Көрсетілген аумақтағы қалаларда өмір сүретін адамдардың аталған аумақтағы жалпы халыққа шаққандағы пайыздық қатынасы. Бұл көрсеткіш пайыздық қатынаспен беріледі. Әдетте, урбандалуды сипаттау үшін салыстырмалы көрсеткіштер (халықтың жалпы санындағы қала тұрғындарының үлесі) алынады. Мысалы, Германияда қала халқының үлесі 73%-ды, ал Үндістанда бар болғаны 28%-ды құрайды. Соған қарамастан абсолютті көрсеткіштер, қала халқының жалпы саны мүлде басқаша жағдайды: Германияда қалалықтардың жалпы саны 60 млн адам болса, Үндістанда 321 млн адам. Сонымен салыстырмалы көрсеткіштер ауқымын нақты көрсетеді.

УРБАНДАЛУ КЕЗЕҢДЕРІ

- Урбандалудың алғашқы кезеңінде қала халқының үлесі онша жоғары болмайды; қалалар арасынан ең ірісі (әдетте, ел астанасы) басқаларын барлық көрсеткіштер бойынша басып озады. Дамыған урбандалу кезеңінде қала халқының үлесі арта түседі. Миллионер қалалардың көршілес елді мекендерді қосып алуынан қала агломерациялары, ал жақын орналасқан агломерациялардың бірігуінен мегаполистер қалыптасады. Кемелденген урбандалу тән елдерде қала маңына қалалық өмір салты қарқынды түрде ене бастаған, яғни субурбандалу (латын. sub - маңында және urbanus - қалалық) жүруде. Біртіндеп осы процесс агломерация аумағынан тыс жерлердегі елді мекендерді де қамти бастайды; урбандалудың бұл түрін рурбандалу (ағыл.rural – ауылдық және урбанизация) дейді. Субурбандалу барысында экологиялық жағдайдың нашарлауына байланысты ауқатты адамдар қала орталығынан қала маңына қоныс аудара бастайды. АҚШ-та агломерация халқының 60%-ы қала маңында тұрады. Әлемдегі аса ірі 10 агломерация қатарына Солтүстік Америка қатарына Солтүстік Америкадан Нью-Йорк пен Лос Анджелес қана енсе, бұл тізімде Еуропаның бірде-бір өкілі жоқ. АҚШ-пен Канадада контрурбандалу, яғни қалада жұмыс істейтіндердің қалада жұмыс істейтіндердің қала агломерациясынан тыс елді мекендерге қоныс аударуы жүруде, бұл ауыл халқы санының артуына әсер етеді.

Луис Вирттің(1897-1952) көзқарасы



XX ғ.басында қаланың өмірі арнайы әлеуметтік феномен ретінде,немесе урбандалу процесі әлеуметтік ғылымдардағы егжей-тегжейлі мән беруді талап ететін нысанға айналды.Чикаголық мектептің антропологтары мен социологтары урбанизм теориясын әлеуметтік өмірдің ерекше типі ретінде қарайтын теорияны дамытты.

Р.Парктың шәкірті Луис Вирт 1938 жылы *“Урбандану өмір сүру бейнесі ретінде”* деп аталатын классикалық мақаласын жариялады.Мұнда американдық социолог қаладағы адамдардың өмірінің психологиялық және мінез-құлықтық салдарын қарастырды. Вирт қаланың үш түрлі сипаттамасын және салдарын көрсетті:




Луис Вирттің көзқарасы бойынша қаладағы тығыздық әртүрлілік сұрықсыз, пішінсіз, жасанды, уақытша әлеуметтік қатынастар кеңістігін қалыптастырады.


Урбандалу деңгейі



- Аталған аумақтағы қала тұрғындарының пайыздық қатынасының осы аумақтағы жалпы халық санына бөлінуі. Бұл көрсеткіш жалпы халық пайызын көрсетеді.



- Бүкіл әлем бойынша, урбанизация белең алып жатыр. БҰҰ берген баға бойынша, 2050жылға қарай, халықтың 70 пайызы қалаларда шоғырланатын болады. Бұл өз кезегінде көлік жүйесіне салмақ түсіріп, тұрғын үймен қамту мәселесін ушықтырады. Сонымен қатар энергияны үнемдеу және қоршаған ортаны сақтау маңыздылығы артады.
- Әлемдегі көптеген мемлекеттер қалалардың постиндустриалдық дамуына үлкен және ашық мәліметтерді, бұлтты технологияларды қала өмірінің түрлі салаларына енгізуде. «Суды ақылды тұтыну», «ақылды энергетика» тіпті «қоқыстарды ақылды басқару» деген сөз тіркестері ешкімді таңғалдырмайды



Урбандалу кезеңдері



1

Кемелденген урбандалу

Сипаты: субурбандалу, урбандалу, қазіргі заманғы урбандалу.

Қала халқының үлесі 75%.



2

Дамыған урбандалу

Сипаты: қала агломерациялары мен мегаполистер, миллионер қалалардың жедел өсуі.

Қала халқының үлесі 50-75%



3

Қалыптасып жатқан урбандалу

Сипаты: қала халқының артуы, ірі қалалардың жедел өсуі.

Қала халқының үлесі 50%-ға жуық

Урбандалу түрлері



Халқы

Санын

ын

өсі.

Бірақ

жұмыс

орынд

ары

атоме

емес.

дәлелін

қажыт

күміз

ақын

дәріс

нәтиж

есінде

ірі

қалата

рдың

қала

Манын

Дары

Аймағ

ының



Субурбандалу

Контурбандалу

Урбандалу

Жалған

Агломерация, елді мекендер агломерациясы – экономикалық, мәдени және тұрмыстық жағынан бір-бірімен тығыз байланысты елді мекендердің (әсіресе қалалардың) шағын аумаққа топтануы, шоғырлануы. Урбандалу процестерінің бірі және негізінен индустралдық аймақтарға ғана тән құбылыс. Агломерация көбінесе жеке ірі қаланың (ядроның) төңірегінде қалыптасады; кейде бірнеше ядролы Агломерация да болады.

*НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА
РАХМЕТ!!!*

